

**"Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Зевакино ауылдық округі Зевакино, Убинка, Новая Убинка ауылдарының көшелерін қайта атау туралы"**

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Зевакино селолық округі әкімінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 03 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 17 мамырда № 5-19-180 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 - бабының 4 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35- бабының 2-тармағына сәйкес, Зевакино ауылдық округі тұрғындарының пікірлерін және Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 02 наурыздағы қорытындысын есепке ала отырып, Зевакино ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Зевакино ауылдық округі Зевакино ауылының келесі көшелері қайта аталсын:

- 1) Советская көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
- 2) Ленин көшесі Халықтық көшесіне;
- 3) Киров көшесі Бірлік көшесіне;
- 4) Чапаев көшесі Ертіс көшесіне.

2. Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Зевакино ауылдық округі Убинка ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

- 1) Ленин көшесі Болашақ көшесіне;

3. Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Зевакино ауылдық округі Новая Убинка ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

- 1) Советская көшесі Мерей көшесіне;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Зевакино ауылдық округінің әкімі*

*Ж. Синиязов*